

«Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық
Өңіраралық Орталығы»
Қазақстан Республикасы, 050002,
Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 36 үй,
5 қабат, 520-521 офис
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcpk.kz
www.kmcpk.kz



«Казахстанский Межрегиональный
Центр Повышения Квалификации»
Республика Казахстан, 050002,
город Алматы, ул.Пушкина, 36
5 этаж, офис 520-521
Моб.тел.ватцап :8747 7922734
info@kmcpk.kz
www.kmcpk.kz

Жоба
www.kmcpk.kz

Қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептің педагогтары,
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, психологтарына арналған:
**«Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар
балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету»**
тақырыбында педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру
бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. «Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы (әрі қарай-Программа) қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептің педагогтарының, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, психологтарының біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және педагогтардың кәсіби құзыреттілігі инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды.

2. Глоссарий

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) (ЕББҚ) - даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына, орталық факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) байланысты тиісті деңгейде білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар);

Ерекше білім беру қажеттілігі - оқу-дамыту барысындағы сапалы білім алуға тиісті көмекке және қызметке қажеттілік;

Білім алу үшін арнайы жағдайлар - ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу

бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

Психологиялық-педагогикалық қолдау - педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады;

Арнайы кабинет - ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға мамандарының психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге арналған топтық және жеке сабақтарды жүргізуі үшін жабдықталған бөлме (сыныптық бөлме);

Бейімделген білім беру бағдарламасы - оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрылған оқу бағдарламасы;

Жеке оқу бағдарламасы - зияты зақымдалған оқушының жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып құрастырылған оқу бағдарламасы;

ҚР МЖМБС - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ППҚҚ - Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі;

ЭЫДҰ - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;

БҰҰ - Біркөккен Ұлттар Ұйымы;

ТжКБ - Техникалық және кәсіби білім;

ППТК - Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті;

АСБ - Аутистік спектрдің бұзылуы

3. Бағдарлама тақырыптары

I – Модуль. Инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық аспектілері	1.1. Мемлекеттің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық заңнамалары
	1.2. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен оқу-тәрбие үрдісінде педагог қызметін реттейтін құқықтық база мен құжаттар
II-модуль. Инклюзивті білім беру сапасын арттыру контекстінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру	2.1. Мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға қолдау (көмек) көрсетуді ұйымдастыру.
	2.2. Аутизм және оның түрлері. Аутизм балалардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.
	2.3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар (жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған) оқушылар. Ұғымның анықтамасы. Балалардағы интеллектуалды дамудың бұзылуының себептері. Зияты зақымдалған оқушылардың психикалық танымдық процестері.

	2.4. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың психологиясы, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.
	2.5. Көруінде, естуінде және сөйлеуінде кемістігі бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылардың психологиясы, оқыту процесін ұйымдастыру.
	2.6. Инклюзивті білім беру жүйесінде ПМПК рөлі мен маңызы. ПМПК-ның қызметі.
	2.7. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу бағдарламаларының мазмұнын өзгерту. Педагогикалық диагностика жүргізу. Жетістік картасы.
	2.8. Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру тәртібі. Ұйымдастыру мәселелері. Оқу жетістіктерін бағалау.
	2.9. Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ЕББҚ оқушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын жасау және іске асыру тәртібі. Оқу жетістіктерін бағалау.
	2.10. ЕББҚ оқушыға пән бойынша формативті және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын құрастыру.
3-модуль. Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	3.1 Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейне-ресур каналдары « special-edu.kz », Bilim Land т.б.) Egov порталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс
	3.2 STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі
	3.3 Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.
	3.4 Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, www.canva.com .

4-модуль. Вариативтік мазмұн	4.1 Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау. Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау.
	4.2 Шағын сабақты көрсетуге (ЕББҚ балаларымен тузету-дамыту бағытындағы жұмыс (жобаны қорғау)) және тестілеуге дайындық.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Оқу бағдарламасының мақсаты: ҚР жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерінің мәнін ашу.

Оқу бағдарламасының міндеттері:

- жалпы білім берудің инклюзивтік қағидасының негізгі мазмұнын ашу;
- ҚР жалпы білім беруде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуына жағдай жасауды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ететін отандық нормативтік-құқықтық базасын (заңдар, заңнамалық актілер, қаулылар, нұсқаулар) практикада қолдану;
- оқушылардың оқудағы қиындықтардың себептерін және соның салдарынан пайда болатын ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттап көрсету;
- оқушының ерекше білім алу қажеттілігін анықтау және бағалау алгоритмін сипаттау, оқу процесі барысында психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін қолдану дағдыларын жетілдіру ;
- пән бойынша формативті және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын құрастыру дағдыларын жетілдіру;
- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және бейімделген білім беру бағдарламаларын жасау және іске асыру тәртібін көрсету;
- Заманауи IT-технологияларды қолдануда практикалық дағдыларды дамыту;

Оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелері:

- ҚР инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық актілерін біледі, қызметінде қолдана алады;
- оқушылардың оқудағы қиындықтардың себептерін және соның салдарынан пайда болатын ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды;
- оқушының ерекше білім алу қажеттілігін анықтайды және бағалау алгоритмін, оқу процесі барысында психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін меңгереді;

- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және бейімделген білім беру бағдарламаларын жасайды және іске асыру тәртібін біледі;
- ЕББҚ оқушының пән бойынша формативті және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын құрастыра алады;
- заманауи IT-технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады;

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

- 1) Инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық аспектілері.
- 2) Инклюзивті білім беру сапасын арттыру контекстінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру.
- 3) Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту.
- 4) Вариативтік мазмұн

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы мынадай режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу нысанында курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес күндізгі оқу нысаны (бұдан әрі – ОТЖ). Күндізгі бөлімдегі курстың ұзақтығы 80 сағатты құрайды.

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес қашықтықтан оқыту режимінде курстың ОТЖ-на сәйкес қашықтықтан оқыту. Курстың ұзақтығы 80 сағатты құрайды және оқытудың екі кезеңін қамтиды: қашықтан (онлайн) – 30 сағат, тәуелсіз (офлайн) – 50 сағат.

Күндізгі немесе қашықтан бір апталық курсты ұйымдастырған кезде USP сағаттарының саны екі есе азаяды.

Қашықтан оқытуды арнайы платформалар арқылы өткізуге болады:

- **Zoom** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).
- **Moodle** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).

Оқу үдерісін күндізгі және қашықтан оқыту режимдерінде ұйымдастыру кезінде білім алушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында мыналар жүзеге асырылады: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, қорытынды тестілеу, сонымен қатар аралық тестілеу. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Кәсіби құзыреттіліктер шеңберіндегі қалыптастырушы құзыреттіліктер: оқыту мазмұнын білуі, педагогика саласында білім мен біліктілігін тиімді қолдануы; стандарттық емес жағдайда әрекет жасай алуы, оқу-танымдық мәселелерді шешу тәсілдерін меңгеруі, мақсат қоюы, жоспарлауы, талдау, рефлексия, өзіне өзі баға беруі жатады.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1: «Инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық аспектілері»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат (дәріс-2 сағат, практикалық сабақ -2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарын түсіну, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру және инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің басшылыққа алатын негізгі нормативті-құқықтық базаны меңгерту.

Модульдің міндеттері:

1. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық аспектілері бойынша мағлұмат беру;
2. Инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы қарастыру.
3. Инклюзивті білім беру үдерісінде педагогтың кәсіби іс-әрекетіне қатысты нормативті құжаттарды: іс-әрекет міндеттері, қызметтері, аймағы, маманның білімі мен білігіне қойылатын жалпы талаптарды қарастыру;

Модульдің қысқаша мазмұны

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды, саясаттың негізі барлық азаматтарға тегін орта білім беруге кепілдік беретін негізгі Заң – Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мүгедектердің құқықтары туралы», «Барлығына арналған білім туралы декларация», «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы», «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 2-қосымша, «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы»

2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы, «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы және әдістемелік нұсқау хат және т.б. бұйрықтар ақпарат беріледі, тыңдаушылармен талқыланады.

Күтілетін нәтиже

Курс соңында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша нормативтік құжаттар туралы біледі;
2. Инклюзивті білім беру жағдайында нормативті-құқықтық заңнамаларға сәйкес өз құжаттарын жасай алады;
3. Инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы мәселелерді меңгеріп, құзыреттілігін шыңдайды.

Модуль 2: «Инклюзивті білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру»

Ұзақтығы - 64 сағат (дәріс - 18 сағат, практикалық жұмыс – 26 сағат, тренинг - 14 сағат, КТС – 2 сағат, шағын-сабақ-2)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты — орта білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі үрдісінде педагогтың инклюзивті құзыреттілігін жетілдіру.

Модульдің міндеттері:

- 1) Жалпы орта мектептің инклюзивті білім беру үдерісінде педагогтың, оның тұлғалық сапалары мен кәсіби құзыреттіліктерін кеңейту;
- 2) Әртүрлі санаттағы ЕББҚ оқушылармен жұмыс жасауда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеру;
- 3) Психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипатын, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру бойынша жоспарланған іс-әрекеттерді ұғыну.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Инклюзивті білім беру үрдісінде педагог қызметінде білуі тиіс:

- ЕББҚ оқушылардың педагогикалық-психологиялық сипаттамасын, деңгейін, оқыту ерекшеліктерін меңгереді.
- ПМПК жұмысын біледі, ПМПК қорытындысын талдай алады;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасауда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгереді;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу бағдарламаларының мазмұнын түсінеді;
- Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ЕББҚ оқушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдейді және іске асырады; Оқу жетістіктерін бағалайды;

- Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын интеллектісі бұзылған оқушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын жасай алады және іске асыру тәртібін біледі;
- ЕББҚ оқушыларға арналған ҚМЖ тапсырмаларды дайындай алады;
- ЕББҚ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын дайындай алады;

3) Күтілетін нәтижелер

Модуль курсының соңында тыңдаушылар:

- ЕББҚ оқушылардың оқу бағдарламалары мен пәнді оқытудағы әдіс-тәсілдерді меңгеру үшін кәсіби құзыреттіліктерге ие болады;
- ЕББҚ оқушылардың пән бойынша формативті және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын құрастыра алады;
- оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін пайдалана алады.

Модуль 3: «Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту»

Модульдің құрылымы

ұзақтығы – 8 сағат (практикалық жұмыс – 4 сағат, тренинг – 4 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: Жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде педагогтердің IT - құзыреттіліктерін және цифрлық сауаттылығын дамыту. Тыңдаушылардың кәсіби бағдарланған білімдерді саналы-эмоционалды игеруге, қазіргі заманауи білім порталымен жұмыс жасау барысында білімдерін толықтыруға ықпал етеді.

Модульдің міндеттері:

1. Білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын қарастыру;
2. Инклюзивті білім беру жүйесінде «special-edu.kz», «adilet.zan.kz» сайттарымен жұмыс жасау жолдарын көрсету;
3. Мектепішілік жұмыстарда сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды игеру;
4. Kundelik.kz автоматтандырылған жүйесі, электронды үкімет порталы, онлайн қызметтерді рәсімдеу алгоритмдерін қарастыру.
5. Кәсіби желілік қауымдастықты құрудағы негізгі принциптерімен танысу және білім сапасын арттыруда мектепаралық, ауданаралық, облысаралық мектеп педагогтарының кәсіби желілік қауымдастығын құру;
6. Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу. Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, www.canva.com.

Модульдің қысқаша мазмұны

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтардың ІТ-құзыреттілігін дамыту. Модуль білім беру процесінде ІТ-технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Күтілетін нәтижелер:

Модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын біледі.
2. «special-edu.kz», «adilet.zan.kz» сайттарымен жұмыс жасау жолдарын үйренеді.
3. Мектепішілік жұмыстарда сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды иегереді.
4. Kundelik.kz автоматтандырылған жүйесі, Электронды үкімет порталында ЭЦҚ арқылы жұмыс жасау алгоритмдерін түсінеді.
5. Кәсіби желілік қауымдастықты құрудағы негізгі принциптерін түсінеді және білім сапасын арттыруда мектепаралық, ауданаралық, облысаралық педагогтардың кәсіби желілік қауымдастығын құра алады.
6. Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу, Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгереді.
www.canva.com.

Модуль 4: «Вариативтік модуль»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат (таңдау бойынша сабақ – 4 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: Бағдарлама мазмұны бойынша курс барысында тыңдаушыларға қиындық туғызған мәселелерді анықтау, қолдау көрсету.

Модульдің міндеттері:

1. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.
2. ЕББҚ оқушылары бар педагогтардың кәсіби дамуына бағыт-бағдар беру.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері саласындағы мәселелерді қозғайды. Бағдарлама мазмұнын саралау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкес және олардың жеке сұраныстарын ескере отырып жүргізіледі. Модуль жобаны тестілеу мен қорғауға даярлықты қамтиды.

3) Күтілетін нәтижелер:

Бағдарлама аясында қиындық тудыратын сұрақтарды анықтайды, талқылайды. Пән мәтіні бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді.

Оқу-тақырыптық жоспары

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Деріс	Таңдау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	КТС	Шағын-сабақ презентация	Тестілеу	Барлығы
1	I – Модуль. Инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық аспектілері.	2		2					4
1.1	Мемлекеттің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық заңнамалары	2							2
1.2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен оқу-тәрбие үрдісінде педагог қызметін реттейтін құқықтық база мен құжаттар			2					2
2	II-модуль. Инклюзивті білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру	18		26	14	2	2	2	64
2.1	Мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға қолдау (көмек) көрсетуді ұйымдастыру.	2		2					4
2.2	Аутизм және оның түрлері. Аутизм балалардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.	2		2					4
2.3	Ерекше білім беру қажеттілігі бар (жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған) оқушылар. Ұғымның анықтамасы. Балалардағы интеллектуалды дамудың бұзылуының себептері. Зияты зақымдалған оқушылардың психикалық танымдық процестері.	2		1	1				4
2.4	Психикалық дамуы тежелген оқушылардың психологиясы, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.	2		2	2				6

2.5	Көруінде, естуінде және сөйлеуінде кемістігі бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылардың психологиясы, оқыту процесін ұйымдастыру.	2		2	2				6
2.6	Инклюзивті білім беру жүйесінде ПМПК рөлі мен маңызы. ПМПК-ның қызметі.	1		1	2				4
2.7	Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу бағдарламаларының мазмұнын өзгерту. Педагогикалық диагностика жүргізу. Жетістік картасы.	2		2	2				6
2.8	Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру тәртібі. Ұйымдастыру мәселелері. Оқу жетістіктерін бағалау.	2		6	2		1	1	12
2.9	Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ЕББҚ оқушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын жасау және іске асыру тәртібі. Оқу жетістіктерін бағалау.	2		4	2	2			10
2.10	ЕББҚ оқушыға бөлім бойынша жиынтық бағалауға (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалауға (ТЖБ) арналған оқу тапсырмаларын құрастыру.	1		4	1		1	1	8
3	3-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту			4	4				8
3.1	Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейне-ресур каналдары « special-edu.kz », Bilim Land т.б.) Egov порталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс			1	1				2
3.2	STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі			1	1				2
3.3	Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.			1	1				2
3.4	Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom			1	1				2

	платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, www.canva.com .							
4	4-модуль. Вариативтік мазмұн		4					4
4.1	4.1 Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау. Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау.		2					2
4.2	4.2 Шағын сабақты көрсетуге (ЕББҚ балаларымен тузету-дамыту бағытындағы жұмыс (жобаны қорғау)) және тестілеуге дайындық.		2					2
Барлығы:		20	4	32	18	2	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

Қашықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қашықтан оқыту 30 сағат					Өзіндік оқу 50сағ.	
		Дәріс	Тренинг	Онлайн-кеңес	Вебинар	Онлайн-форум	Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы	Барлығы
1	I – Модуль. Инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық аспектілері.				4			4
1.1	Мемлекеттің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық заңнамалары				2			2
1.2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен оқу-тәрбие үрдісінде педагог қызметін реттейтін құқықтық база мен құжаттар				2			2
2	II-модуль. Инклюзивті білім беру сапасын арттыру контекстінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру	2		15	8		41	66
2.1	Мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі	2					2	4

	бар оқушыларға қолдау (көмек) көрсетуді ұйымдастыру.						
2.2	Аутизм және оның түрлері. Аутизм балалардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.			1		2	3
2.3	Ерекше білім беру қажеттілігі бар (жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған) оқушылар. Ұғымның анықтамасы. Балалардағы интеллектуалды дамудың бұзылуының себептері. Зияты зақымдалған оқушылардың психикалық танымдық процестері.			2	2	4	8
2.4	Психикалық дамуы тежелген оқушылардың психологиясы, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру.			2	2	4	8
2.5	Көруінде, естуінде және сөйлеуінде кемістігі бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылардың психологиясы, оқыту процесін ұйымдастыру.			2	2	4	8
2.6	Инклюзивті білім беру жүйесінде ПМПК рөлі мен маңызы. ПМПК-ның қызметі.			1		2	3
2.7	Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу бағдарламаларының мазмұнын өзгерту. Педагогикалық диагностика жүргізу. Жетістік картасы.			1		5	6
2.8	Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру тәртібі. Ұйымдастыру мәселелері. Оқу жетістіктерін бағалау.			2	2	6	10
2.9	Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ЕББҚ оқушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын жасау және іске асыру тәртібі. Оқу жетістіктерін бағалау.			2		6	8
2.10	ЕББҚ оқушыға бөлім бойынша жиынтық бағалауға (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалауға (ТЖБ) арналған оқу тапсырмаларын құрастыру.			2		6	8
3	3-модуль. Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту				2	4	6
3.1	Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар				1		1

	(бейне-ресур каналдары « special-edu.kz », Bilim Land т.б.) Egov порталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс						
3.2	STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі					1	1
3.3	Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.			1		2	3
3.4	Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, www.canva.com .					1	1
4	4-модуль. Вариативтік мазмұн			4			4
4.1	Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау. Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау.			2			2
4.2	Шағын сабақты көрсетуге (ЕББҚ балаларымен тузету-дамыту бағытындағы жұмыс (жобаны қорғау)) және тестілеуге дайындық.			2			2
Барлығы:		2		19	14	45	80

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау: өзіндік жұмыс ретінде шағын сабақ (қысқа мерзімді жоспар (+ЕББҚ 5 тапсырмасымен) және ЕББҚ оқушыға арналған БЖБ, ТЖБ 3-тапсырмасын дайындайды (ворд форматта).

Жоба таныстырылымының құрылымы, бағалау критерийлері мен параметрлері

Тақырыбы: «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушының білім беру бағдарламасын даярлау». Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушының білім беру бағдарламасын ПМПК қорытындысы бар оқушыға дайындайды. Жоба

мазмұнында білім беру бағдарламасы +күнтізбелік-тақырыптық жоспар+бір қысқа мерзімді жоспар қамтылуы тиіс.

Жоба қорғау

Жобаның құрылымы (топтық жұмыс)

Жобалық жұмысты 1 мұғалім құрайды. Әр мұғалім өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т. А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (жетістіктер картасы, оқу бағдарламасы, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, қысқа мерзімді жоспар).

3) Жетістіктер картасы (ЕББҚ оқушының актуалды даму деңгейін анықтау үшін педагогикалық диагностика картасы, ҚР пән бойынша тиісті үлгідегі білім беру бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарынан алып жасайды).

4) ПМПК қорытындысы бойынша ЕББҚ оқушыға оқу бағдарламасын жасайды. (бейімделген білім беру бағдарламасы немесе жеке оқу бағдарламасы ПМПК қорытындысында нақты жазылады).

5) Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (дайындаған оқу бағдарламасының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын, аптасына сағат жүктемесін көрсетіп жасайды).

6) Қысқа мерзімді жоспар (КТЖ басшылыққа алып, бір тақырыпқа жеке сабақ немесе топтық сабақ жоспарын жасайды).

7) Слайд түріндегі таныстырылым (www.canva.com, [power point + class point](#). Wordwall.

Жобаны бағалау тәртібі:

1. Жетістік картасын дұрыс құрастырылуы;
2. Оқу бағдарламасының жасалу жолы;
3. КТЖ, ҚМЖ жасаудағы креативтілік;
4. Нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдана білу;
5. Өз мәтіні мен презентациясын қисынды, тақырыпқа барабар жасай білу;
6. Кәсіби құзіреттіліктер.

Жобаны бағалау критерийлері

	Критерийлері	Балл	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Қойылған проблемалардың, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау: жүйелілік пен дәйектілік		

4	Мазмұнның жоба тақырыбына сәйкестігі: - мәселенің ашылу дәрежесі; - жоспарға сәйкестігі.		
5	Жұмыстың перспективалары: -жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; - жұмысты жалғастыру мүмкіндігі.		
6	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану		
7	Әр мүшенің белсенділігі		
8	Маманның кәсіби шеберлігі		
9	Сұрақтарға жауаптар		
10	Шығармашылық тәсіл		
	Жалпы ұпай саны		

Жобалау жұмыстарының таныстырылымдарын бағалау үшін келесі өлшемдер бөлінеді:

«5» (өте жақсы) рейтингі 17-20 балл аралығында белгіленді.

«4» (жақсы) рейтингі 14-16 баллға сәйкес келеді.

«3» рейтингі (отыр.) Жалпы 10-13 баллға сәйкес келеді.

Жоба үшін максималды балл саны - 20 балл.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағаттар саны	Сұрақтар саны
1	Инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық аспектілері	4	2
2	Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру	64	24
3	Педагогтардың IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту.	8	4
4	Вариативтік мазмұн	4	-
	Жиыны		30

Бағалауда баллдарды ауыстыру шкалалары

Бағалау	Орындау %-дегі ауқым	Баллдар
5	90 – 100 %	27-30
4	75 – 89 %	23-26
3	50 -74 %	15-22

2	50 % жуық	20 баллдан кем
---	-----------	----------------

9. Курстан кейінгі қолдау

1) Коммуникация дегеніміз:

- Zoom бұлтты конференция платформасында, facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде кездесулер өткізу, вебинарлар өткізу және ақпаратпен бөлісу, Whatsar мессенджері арқылы кері байланыс орнату.

2) Ресурстар:

- Қысқа мерзімді жоспарлар жинағына электронды сілтеме (Әдістемелік нұсқау).

- Тыңдаушылардың сабақ өткізуі туралы рефлексиялық есептер жинағы (Ғылыми-әдістемелік басылым).

3) Тыңдаушыларды кәсіптік байқауға қатысуға дайындау

- «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауы.

4) Ғылыми мақалалардағы тәжірибені жалпылау:

- Онлайн семинарлар, вебинарлар өткізу.

10. Негізгі қосымша әдебиеттер тізімі

1. Конституция Республики Казахстан. Конституция принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000/_compare

2. Постановление Верховного Совета Республики Казахстан «О ратификации Конвенции о правах ребенка» от 8 июня 1994 года. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288/compare>

3. Саламанкская декларация о принципах, политике и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/pdf/salamanka.pdf

4. Закон Республики Казахстан «О ратификации Конвенции о правах инвалидов» от 20 февраля 2015 года № 288-V ЗПК. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288/compare>

5. Закон Республики Казахстан «О ратификации Конвенции о борьбе с дискриминацией в области образования» от 28 января 2016 года № 449-V ЗПК. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000449/compare>

6. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319/_compare

7. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан» от 8 августа 2002 года N 345. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_/compare

8. Закон Республики Казахстан «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» от 11 июля 2002 года N 343. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_/compare

9. Закон Республики Казахстан «О социальной защите лиц с инвалидностью в Республике Казахстан» от 13 апреля 2005 года N39. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000039_/compare

10. Национальный сборник «Статистика системы образования Республики Казахстан» – АО «Информационно-аналитический центр»: Нур-Султан, 2022. – 308 стр. 150

11. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Национального плана по обеспечению прав и улучшению качества жизни лиц с инвалидностью в Республике Казахстан до 2025 года» от 28 мая 2019 года № 326. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000326/compare>

12. Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан «Об утверждении Дорожной карты по совершенствованию оказания комплексной помощи детям с ограниченными возможностями в Республике Казахстан на 2021 – 2023 годы» от 17 августа 2020 года № 2020. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2000000112/compare>

13. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования» от 26 июня 2021 года № 56-VII ЗРК. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056/compare>

14. «Всеобщая декларация прав человека» Декларация, принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O4800000001/compare>

15. Всемирная декларация об образовании для всех. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/pdf/jomtien.pdf 18. Стандартные правила обеспечения равных возможностей для инвалидов. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disabled.shtml

16. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726 «Об утверждении национального проекта «Качественное образование «Образованная нация». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726/compare>

17. «Об утверждении Правил оценки особых образовательных потребностей» Приказ Министра образования и науки РК от 12 января 2022 года № 4. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare>
18. «Об утверждении Правил психолого-педагогического сопровождения в организациях образования» Приказ Министра образования и науки РК от 12 января 2022 года № 6. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare>
19. «Об утверждении индекса благополучия детей» Распоряжение Премьер-Министра Республики Казахстан от 1 февраля 2022 года № 21-р. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/R2200000021/compare>
20. Методические рекомендации по организации процесса обучения в условиях инклюзивной среды в рамках 12-летнего образования в начальной школе – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2021. – 720 с.
21. Методические рекомендации по итогам проведения мониторинга по психолого-педагогическому сопровождению обучающихся в организациях среднего образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2021. – 2136 с.
22. Рамка инклюзивного образования в Республике Казахстан / Г. Ногайбаева, С. Жумажанова, Е. Коротких. – Астана, АО ИАЦ, 2017 – 185 с.
23. Приказ МОН РК от 12 января 2022 года № 4 «Об утверждении Правил оценки особых образовательных потребностей». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618> 51. Students with Disabilities, Learning Difficulties and Disadvantages. ISBN 978-92-64-02762-6. OECD, 2007
24. Методические рекомендации по составлению дифференцированных заданий СОР и СОЧ по учебным предметам начальной школы в условиях инклюзии. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 146 с.
25. Методические рекомендации по составлению дифференцированных заданий СОР и СОЧ по учебным предметам естественно-математического направления 5-9 классов в условиях инклюзии. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 144 с.
26. Методические рекомендации по составлению дифференцированных СОР и СОЧ по учебным предметам общественно-гуманитарного направления 5-9 классов в условиях инклюзии. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 144 с.

27. Методические рекомендации по организации итоговой аттестации для детей с ООП. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 112 с.
28. Методические рекомендации по адаптации общеобразовательных планов и программ и составлению индивидуальных учебных планов и программ для обучающихся с ООП в условиях инклюзивного образования. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 618 с.
29. Методические рекомендации по реализации обновленных учебных программ для детей с особыми образовательными потребностями. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019.– 248 с. 60.
30. Методические рекомендации по составлению индивидуальных программ естественно-математического и гуманитарного образования в условиях инклюзии. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2019. – 320 с.
31. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации - Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 112с.
32. Елисеева И.Г., Аханова Ж.Б. Психолого-педагогическая поддержка школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе (уровневый подход): метод. рекомендации - Алматы: ННПЦ РСИО, 2020. 69 с.

Тест тапсырмалары

- 1. Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалімнің психологиялық даярлығына не жатпайды?**
- А) Инклюзивті білім беру жағдайында сабақты жобалай алу;
 - В) Балалардың оқу іс-әрекетін қалыптастыру;
 - С) Оқытудың қолайлы әдісін іздеу;
 - Д) Балалардың мінез-құлық әрекетін диагностикалау;
 - Е) Ата-аналарға кеңес беру;
- 2. «Инклюзивті білім беру» ұғымы француз тілінен аударғанда нені білдіреді?**
- А) кіріктірілу, ендіру;
 - В) өзіне ендіру;
 - С) ену;
 - Д) қарастыру;
 - Е) зерттеу;
- 3. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы қашан БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясында енгізілген болатын?**

- А) 2005 жылы 11 қазан;
- В) 2006 жылы 22 мамыр;
- С) 2006 жылы 13 желтоқсан;
- Д) 2006 жылы 12 желтоқсан
- Е) 2005 жылы 12 қаңтар

4. Инклюзивті білім беру бұл ...

- А) Барлық балалардың жалпы білім беру үрдісіне енуі;
- В) Баланың білімдік қажеттілік мен дарындылық ерекшеліктеріне ортаны бейімдеу;
- С) Жасына, жынысына, этникалық, діни ерекшелігіне, тежелуіне қарамастан оқыту;
- Д) Адекватты білімді жағдаятты тудыру;
- Е) Барлық жауап дұрыс

5. "Инклюзивті білім беру ерекшеліктерін білу" – бұл мұғалімнің ... даярлығы.

- А) Кәсіби;
- В) Психологиялық;
- С) Педагогикалық;
- Д) Толеранттылық;
- Е) Эмпатиялық деңгейі;

6. Инклюзивті білім беру мақсаты

- А) Ақыл ойы толық жетілмеген балалар;
- В) Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру;
- С) Дамуы шектелмеген балалар;
- Д) Тек естуінде кемшілігі бар балалармен жұмыс;
- Е) Психологиялық кедергіге ұшыраған балалар;

7. Инклюзивті білім беру –...

- А) Құқық нормативтік білімді қарастыру;
- В) Айналамыздағы қоршаған ортаның сақтау;
- С) Сау балалармен бірге жалпы білім беру мектептерде немесе арнайы құрастырған топтарда, сыныптарда дамуда мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту;
- Д) Бастауыш білім беруді қарастыру;
- Е) Барлығы дұрыс;

8. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде қаншасыншы жылдан бастау алады?

- А) 1960
- В) 1970
- С) 1980
- Д) 1990
- Е) 2000

9. ЕББҚ балаларға арналған бейімделген білім беру бағдарламасы оқу жылына неше рет жасалынады?

- А) әр тоқсан сайын;
- В) жылына 2 рет;
- С) жылына 1 рет;

10. ЕББҚ балаларға арналған жеке оқу бағдарламасы оқу жылына неше рет жасалынады?

- A) әр тоқсан сайын;
- B) 1-2 жарты жылдық;
- C) жылына 1 рет;

11. ПМПК-ғы психологиялық зерттеудің артықшылығы

- A) Қорытынды әңгіме
- B) Әңгімелесу
- C) Психофизиологиялық зерттеу
- D) Жаппай бақылау
- E) Эксперименталды зерттеу

12. ПМПК -ң басты міндетіне кірмейді

- A) Диагноз қою және оны толықтыру
- B) Ерекше білімді қажет ететін балаларға көмектегі нұсқаулықтарды өңдеу
- C) Дамуында бұзылыстары бар балаларды емдеу
- D) Ата-анаға кеңес беру
- E) Профилактикалық емдеу кабинетіне жолдама беру

13. Консилиумның түрлері

- A) Продуктивті, дедуктивті, иллюстративті
- B) Үстірт, терең, жеке, топтық
- C) Алғашқы, жедел, жоспарлы
- D) Ұйымдастырушы, эмпирикалық, статистикалық
- E) Жекелей – топтық, түсіндіру – иллюстративті

14. Ерте түзету көмек көрсетудің негізі

- A) Ата-аналарымен бірлескен шаралар өткізу
- B) Ерте жастағы балардың даму бұзылыстарын тіркеу
- C) Мектепке дейінгі ұйымдарға бағыттау
- D) Ерте жастағы балалардың психофизиологиялық және психикалық дамуын жан-жақты зерттеу
- E) Ерте жастағы балардың сауатын ашу

15. Баланың мектепке жалпы психологиялық даярлығын анықтайтын әдістемелер

- A) Тәрбиелеуші жағдайлар
- B) Мектеп жайында әңгімелесу
- C) Дәрісбаян, әңгіме
- D) Арттерапия
- E) Жаттығу, үйрету

16. Баланың білім алуға дайын екенін төменгі факторлар айқындайды:

- A) Баланың эмоционалды, әлеуметтік және зерделік әлеуеті
- B) Балалық шақтың жекелеген кезеңдеріне тән сапалық өзгешеліктер мен тұрақты құндылықтарының қалыптасуы
- C) Ата-аналарға өз балаларымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы
- D) Біріккен іс-әрекетінің дәрежесі мен құрылымы
- E) Денелік және психологиялық дамуы, қоршаған орта туралы жинақталған түсініктерінің қалыптасуы

17. Баланың мектепке даярлығы келесі факторлерге тәуелді

- A) Көркем сурет әрекетіне, түзетуге арналған құралдарға
- B) Мектепке дейінгі мекемелердің жұмысына, отбасы жағдайына, ата-ананың балаға деген қатынасына
- C) Құқықтың заңнамалық актілерге
- D) Физикалық жетілуге, инфекцияларға төзімділігіне
- E) Оқу әдебиетінің түрлеріне

18. Көзі көрмейтін және нашар көретін тұлғаларды оқыту жүйесі

- A) Брайль жүйесімен
- B) Психологиялық жүйемен.
- C) Дидактикалық жүйемен.
- D) Анализаторлық жүйемен.
- E) Технологиялық жүйемен.

19. Көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған графика

- A) Рельефті
- B) Штрихты.
- C) Сызықтық.
- D) Жүйелік.
- E) Суреттік

20. Көру қабілетінің жоғалуының ... деңгейі бар

- A) 2
- B) 4
- C) 6
- D) 8
- E) 3

21. Көру анализаторының жүре пайда болған кемістіктерінің басты себептері:

- A) Бас ми жарақаты, көздің түрлі аурулары, орталық жүйке жүйесінің аурулары.
- B) Анасының жүктілік кезіндегі аурулары.
- C) Улы газдардың әсерлері.
- D) Туған кездегі жарақат.
- E) Дауна синдромы.

22. Ағзаның бұзылған немесе жетілмеген функциясын толықтыру не қайта құру

- A) Компенсация
- B) реабилитация
- C) адаптация
- D) коррекция
- E) инфекция

23. Баланың психофизиологиялық даму кемістіктерін түзетуге бағытталған іс-шаралар жүйесі

- A) коррекция
- B) адаптация
- C) реабилитация
- D) компенсация
- E) аномалия

24. Саусағы қисық, қысқа, тістері дұрыс іспеген бұл –

- А) Дисплазия
- В) Деменция
- С) Дауна ауруы
- Д) Дибил
- Е) Имбецил

25. Тифлопедагогика

- А) көрмейтіндер және нашар кіретін педагогикасы
- В) естімейтін және нашар еститін педагогикасы
- С) күрделі кемістігі бар балалар педагогикасы
- Д) тірек – қимыл аппараты бұзылыған балалар педагогикасы
- Е) зиятында ауытқуы бар балалар педагогикасы

26. Жақын аймақтағы даму теориясының авторы

- А) Л.С.Выготский
- В) А.Адлер
- С) З.Фрейд
- Д) А.А.Зыкова
- Е) В.В.Лебединский

27. Кемістіктерді азайту, түзету және жоюға бағытталған педагогикалық және емдік шаралар жүйесі

- А) реабилитация
- В) абилитация
- С) компенсация
- Д) коррекция
- Е) оңалту

28. Арнайы педагогиканың зерттеу объектісі

- А) мүмкіндігі шектеулі бала
- В) қалыпты бала
- С) ересек адам
- Д) мектепке дейінгі жастағы бала
- Е) мектеп жасындағы бала

29. Зақымдалған ағза қызметін қайта құрастыру, орнын толықтыру процесі

- А) компенсация
- В) реабилитация
- С) дипривация
- Д) абилитация
- Е) дивальвация

30. Инклюзивті білім беру білдіреді

- А) мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдауға кепілдік беру, жалпы білім беру процесіне қосу
- В) мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қалыпты тұлғалармен бірігуі
- С) біріктіріп оқыту
- Д) мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту
- мүмкіндігі шектеулі балаларды 12 жылдық бағдарламамен оқыту

31. Туа біткен, жүре пайда болған, тұқым қуалаушылық патологияның терең диагностикалау қызмет көрсету түрлеріне жатады

- А) медициналық
- В) педагогикалық
- С) психологиялық
- Д) әлеуметтік
- Е) оңалтушылық

32. Көру қабілетінің зақымдануына байланысты топтағы тұлғалар 2 топқа бөлінеді

- А) көрмейтіндер және нашар кіретіндер
- В) естімейтіндер және нашар еститіндер
- С) тифло және тифлосурдо
- Д) соқырлар және нашар көрушілік
- Е) естімейтіндер және көрмейтіндер

33. Л.С.Выготский бойынша, соқыр адамның сезімі болады, ол:

- А) алтыншы жылылық
- В) жарықтық
- С) сезімталдық
- Д) суықтық
- Е) қараңғылық

34. Мектеп жасындағы балалардың әрекеті

- А) оқу әрекеті
- В) ересектермен эмоциялық әрекет
- С) заттық әрекет
- Д) ойын әрекеті
- Е) сөйлеу әрекеті

35. ҚР «Білім беру» заңы мен нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес барлық арнайы білім беру мекемелері оқыту тиіс:

- А) білім беру стандарты бойынша
- В) оқыту бойынша
- С) жоспар бойынша
- Д) тәрбие бойынша
- Е) тәрбие мен оқыту бойынша

36. Сыртқы және ішкі ортадан келетін тітіркендіргіштер, ауыр жүйке жүйесінің механизмі бұл –

- А) анализаторлар
- В) рецепторлар
- С) хромосомдар
- Д) нейрондар
- Е) ген

37. ЕББҚ (ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар) – ға әлеуметтік ортадағы ережелерді, өзін - өзі ұстау тәртібі, әлеуметтік және педагогикалық көмек бұл мынадай түсінікте беріледі

- А) әлеуметтік бейімделу
- В) ерте көмек көрсету
- С) скрининг
- Д) ерте жастағы балаларға абилитация

Е) психотерапия

38. Аномалия – бұл:

- А) Дамудың жалпы заңдылықтарынан ауытқу.
- В) Бақылау функционалдық бұзылулары бар психиканың қалыпсыз дамуы.
- С) бас ми қабатының қабыну салдарынан бағытталған қозғалыстар мен әрекеттердің бұзылуы.
- Д) Белгілі бір сезімді, қасиетті жоғалту.
- Е) Ақыл – ой кемдіктің жеңіл деңгейі.

39. Ағза функциясының ішкі қурылу процесі негізінде сақталған функцияны бұзылған функциямен алмастыру

- А) толықтыру
- В) бейімдеу
- С) түзету
- Д) жаттығу
- Е) әдіс

40. Организмнің тіршілік жағдайына бейімделу ерекшелігі

- А) Адаптация
- В) Абстракция
- С) Аграфия
- Д) Атаксия
- Е) Акинезия

41. Адаптация - бұл

- А) Организмнің тіршілік жағдайына бейімделу ерекшелігі
- В) Сіздерді дұрыс оқудың бұзылуы.
- С) Түстерді ажырата алмау
- Д) Бас миы жоғарғы біліктерінің зақымдануы.
- Е) Нақты заттар мен құбылыстардың қасиеттерін ой арқылы ажырататын тәсіл

42. Жарақат, инфекция, интоксикация, психотравма бұл

- А) экзогенді фактор
- В) эндогенді фактор
- С) ішкі фактор
- Д) тұқым қуалау факторы
- Е) химиялық фактор

43. Компенсацияның бұзылуының салдарынан организмнің белгілі бір жүйесінің қызметінің бұзылуы

- А) декомпенсация
- В) компенсация
- С) депривация
- Д) коррекция
- Е) реабилитация

44. Екі және одан да көп кемістіктердің жиынтығы, із құрылымы бар дамуының сапалық ізіндік бұзылыс

- А) күрделі кемістік

- В) созылмалы ауру
- С) уақытша ауру
- Д) тұқым қуалайтын ауру
- Е) құлақ ауруы

45. Қандай да бір органикалық зақымдану салдарынан немесе патогенді факторлардың әсер ету салдарынан, биологиялық жүйенің жетілмеуінен пайда болатын кемістік

- А) біріншілік кемістік
- В) екіншілік кемістік
- С) күрделі кемістік
- Д) жүйелі кемістік
- Е) жалпы кемістік

46. Сақталған немесе жартылай бұзылған функцияның қайта құрылуы арқылы жетілмеген не бұзылған функцияның орнын толтыру

- А) компенсация
- В) коррекция
- С) адаптация
- Д) фактор
- Е) норма

47. Коррекция дегеніміз -

- А) балалардың психофизикалық дамуындағы кемістіктерді әлсірету немесе түзетуге бағытталған педагогикалық шаралар
- В) жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесі
- С) тереңдетілген мектептердегі тәрбие жұмысы
- Д) балалардың психофизикалық дамуындағы кемістіктерді жоюға бағытталған педагогикалық шаралар
- Е) балалардың психофизикалық дамуындағы кемістіктерімен імірге бейімдеу

48. Мүмкіншілігі шектелген балалардың психо-физиологиялық ерекшелігін, заңдылықтарын, оларды оқыту және тәрбиелеуді зерттейтін педагогикалық ғылымға жататын бұл:

- А) дефектология
- В) логопедия
- С) психология
- Д) анатомия
- Е) педагогика

49. Баланың психо-физикалық дамуында кемістігін түзетуге бағытталған дефектологиядағы педагогикалық шаралар жүйесі:

- А) коррекция
- В) компенсация
- С) бейімделу
- Д) қалпына келтіру
- Е) әлеуметтік реабилитация

50. Бұзылған немесе дамымай қалған организм функцияларын толықтыру немесе қайта құру бұл:

- А) компенсация
- В) бейімделу

қалпына келтіру
коррекция
дамыту